

02 Шілде
Сейсенбі,
2024 жыл

uil-gazet@mail.ru

ОЙЫЛ

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

БАСТЫ ТАҚЫРЫП

«БІЗ БІРГЕМІЗ» ӨНЕР САПАРЫ АҚТӨБЕЛІК ӨНЕРПАЗДАРДЫҢ ҚОЛДАУЫ

ФАЗИЗА ЖҰБАНОВА АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛАРМОНИЯСЫНЫҢ ЖҰЛДЫЗДАРЫ «БІЗ БІРГЕМІЗ» АТТЫ ӨНЕР САПАРЫМЕН АУДАҢҒА КЕЛДІ. АТАЛМЫШ ӨНЕР ҰЖЫМЫ СУ ТАСҚЫНЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕН ТҰРҒЫНДАРДЫ РУХАНИ ҚОЛДАП, ДЕМЕУ МАҚСАТЫНДА КОНЦЕРТТІК БАҒДАРЛАМАСЫН ҰСЫНДЫ.



Әні мен әуені, жыры мен термесі үйлескен жастар саф өнерді аңсаған көрермендерге нағыз рухани нәр сыйлады. Кеш шымылдығы «Арайлы Ақтөбе» фольклорлық ансамблінің орындауындағы Қазанғаптың «Ақжелең» күйімен түрілді. Әрі қарай Арайлым Мырзабекова, Ақбота Қоян-

байқызы, Гүлхан Бәрібасова, Мәншүк Мұқанова, Ернар Дүйсеев, Әкімжан Шәкіров сынды өнерлі жастар халық арасында кеңінен тараған әндерді орындады. Батыс өңіріндегі бірегей өнер ордасы жұлдыздарының жеке орындауы әсем әндері де көпшілік көрерменнің көңілінен шығып жат-

ты. Кеш қонағы жерлесіміз Еркебұлан Құмаров шыққанда асыға күткен көрермендер қызу қошеметін аямады. Кешті қортындылаған «Жылтыр көйлек» әні жас әншінің өнер өлкесіне жолын ашты десе де болады. Әрбір өнге зор қошеметін аямаған жиылған жұрт әдемі кештен

тамаша көңіл күйге бөленіп тарқасты. Кеш соңында аудан әкімі су тасқынынан зардап шеккен тұрғындарды қолдау мақсатында өңірімізге арнайы келген филармония ұжымына ризашылығын білдіріп, Алғыс хатын табыстады.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селосы.

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВТЫҢ АУДАН ХАЛҚЫН АСТАНА КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ



Құрметті ойылдықтар!

Сіздерді Астана күнімен құттықтаймын! Өткен ширек ғасырдан астам уақыт ішінде бас қаламыз әлемдегі ең озық, қарыштап дамыған шаһарлар қатарына қосылды. Құрылу, қалыптасу, өркендеу сатысынан өтіп, еліміздің әкімшілік және іскерлік орталығына айналды. Барша қазақстандықтарды ортақ идеяға, рухани тұтастыққа біріктірді. Мемлекетіміздің тәуелсіздігінің символына және жаһандық табысына негіз болды. Сәулет өнерінің озық үлгілері бой көтерген, әлемдік деңгейдегі экономикалық, ғылыми-техникалық және әлеуметтік маңызы бар шаралар өткізілетін қала болып қалыптасты. Еуразия кеңістігіндегі мәдени және зияткерлік орталыққа, еліміздің орнықты дамуының басты қозғаушы күшіне айналды. Бүгінде Сарыарқа төсіндегі елордамыз кең байтақ қазақ даласының жүрегі іспетті. Қалалар мен аудан орталықтары, ауылдар Астанаға қарап бой түзейді. Бас қаланың тыныс-тіршілігі, өсіп-өркендеуі, ұлт мұраты жолындағы бастамалары бүкіл елдің назарында. Елордамыздың Астана мәртебесін алған күннен бастап еліміздің әр түкпірінен мыңдаған отандастарымыз елорда тұрғыны болуға ұмтылғаны белгілі. Олардың қатарында ойылдықтар да Астанамыздың өркендеуі мен гүлденуіне қомақты үлес қосып келеді.

Қадірменді жерлестер!

Баршаңызды елдігімізді паш ететін тамаша мерекелердің бірі – Астана күнімен шын жүректен құттықтаймын! Астана – еліміздің мақтанышы, мерейі, мәртебесі. Бірлік пен берекенің, Отанымыздың телегей табыстарының символы. Бүгінгі заманның талабына сай сені мен салтанаты келіскен Астана жарқын болашақтың, кемелді келешектің кепілі іспеттес. Отанымыздың жүрегі – Елордамыз Астананың жұлдызы өрқашан жарық болсын! Астана – еліміздің зор қуаты. Алдағы уақытта да Астана қайталанбас келбетімен, ұшқыр жаңашылдығымен елдің көшін түзей беретініне сенім мол. Елорданың мерекесі әрбір азаматтың жүрегіне қуаныш ұялатып, ертеңге деген сенімді шындай түсуде. Сіздерге бақытты да баянды өмір, зор денсаулық, шаңырақтарыңызға шаттық пен қуаныш, құт-береке тілеймін. Сүйікті Елордамыз Астана көркейе берсін!

Құрметпен, Ойыл ауданының әкімі Асқар Қазыбаев

МОПЕД МІНГЕН БАЛАЛАР!



Бұл қазір жол ережелерін бақылаушылардың басты ауруы болып отыр. Өрине, аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері арнайы рейд ұйымдастырып, балаларға да, ата-аналарына да мопед, электровелосипед жүргізушілердің талаптарын түсіндіріп жатыр.

Қаланы қойып, ауылдарда мопед тепкен оқушы балалар қаптап кетті. Оқушы болғанда да 10-11 сыныптың оқушылары емес, 6-7 оқитын балалар. Алды құлап, ауруханаға түсіп жатыр. Ата-анасы «Ананың баласында бар, мөнде неге жоқ деп жылағаннан кейін

еріксіз алып береміз», - дейді. Негізі электровелосипедті жүргізуші де тізесі мен шынтағына, басына арнайы қорғаныш киімдерін кию керек. Оны ескеріп жатқан ешкім жоқ. Бәрі де жалаң аяқ, жалаң бас. Ол аз болса, алды-артына бала мінгізіп алып, енді көшеде келіндер де электро-

велосипедпен жөңкіп жүр. Көшенің кез-келген жерінен кесіп өтіп, тіпті көлікке жол бермей жарысқандарды да көріп жүрміз. «Мен қауіп еткеннен айтамын!» - деп ақын Мұрат Мәңкеұлы айтақшы, бәсекеңің соңы – бейнетке душар қылып, өкінішке ұрындырмасын, - деп тілейміз! Бірақ, біздің ең жаман қасиетіміз қашан өзіміздің басымызға тимейінше түсінбейміз! Көлік жүргізушілері, велосипед мінгендер мен жаяу жүргіншілердің барлығы жол қозғалысының қатысушылары ретінде ережелерді сақтап, бағынулары керек. Көп жағдайда қауіпсіздік шараларын сақтамайтын шайтан арбаны тізгіндегендер түрлі жол көлік апатын тудыруға себепші болып отырады. Сондықтан, жазғы демалыс басталысымен тәртіп сақшылары ата-аналарды балалар мен жастарды өз бақылауына алуды өтінеді.

С.ХАМЗИН

ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ ЕЛ ЧЕМПИОНЫ!



Өткен айдың соңында Түркістан облысының Түлкібас ауданында волейболдан 2012-2013 жылы туылған жасөспірімдер арасындағы Қазақстан Республикасының жазғы чемпионаты өтті. Ақтөбе облысының волейболдан құрама командасы атынан Ойыл ауданының

спортшылары Диас Амангелді мен Нұрислам Бисембин қатысып, Қазақстанның чемпионы атанды. Жеңімпаз ағаларының дәстүрлі жолын жалғаған жеткіншектердің жаттықтырушысы Нұрлыжан Мұқашев және жеңімпаз спортшыларды жеңістерімен құттықтаймыз!

Астана — қазақ елінің төртінші астанасы (1998)

ҚР-ның Жоғарғы Кеңесі (1994ж. 6 шілде, 106-қаулысы) және Мин. Каб-і (1996 ж. 6 шілде) ҚР-ның астанасын Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы қаулылар қабылдады. Оған себеп Ақмоланың республиканың кіндігінде геосаяси тұрғыдан тиімді орналасуы, қаланың елеулі өнеркәсіптік әлуеті, құрылыс индустриясын одан әрі дамытуға қажетті базаның болуы, ірі тасымал торабына орналасуы әрі қажетті көлік және телекоммуник, инфрақұрылымның болуы, жоғары білікті кадрлар әлеуеті, жеке меншік секторды және кәсіпкерлікті дамыту үшін мүмкіндіктердің молдығы, аймақтағы саяси және әлеуметтік тұрақтылық, қаланы дамытуға қажетті бос жерлердің жеткілікті сияқты факторлар еді. ҚР Президентінің жарлығымен арнайы Ақмола экон. аймағы (ААЭА) құрылды (1996 ж. 9 қазан).

1997 ж. 20 қазанда ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаев Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы" жарлыққа қол қойды. (1998 жылдың 6 мамырда Елбасының жарлығымен ҚР-ның астанасы — Астана қаласы болып аталды, ал 20 мамырда «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» ҚР-ның Заңы қабылданды. Сол жылғы 10 маусымда тәуелсіз Қазақстанның жаңа астанасының салтанатты ашылу рәсімі болып өтті.

Астана қалалық екі ауданға (Алматы, Сарыарқа) бөлінеді. Тұрғыны 500 мыңнан астам адамды құрайды. Қала Есіл өзенінің оң жағасында жазық жерде орналасқан.

Астана — мемлекеттің саяси, әкімшілік, экономикалық, мәдени орталығы; елдікті, ұлттық бірлікті білдіретін бас қала.

ҚАЛАНЫҢ ГЕРБІ



АСТАНА ТАРИХЫ

Герб дөңгелек қалқан түрінде жасалған.



Көгілдір аспан аясында қала тарихының және ел қорғанының символы бекініс қабырғасы; сақ аңыздарының кейіпкері — даналық пен бекзаттықтың символы — қанатты барыс бейнеленген; алтын тәж Астананың бас қала ретіндегі мәртебесін бейнелейді. Шаңырақ — ұлттық дәстүрлердің сабақтастығын білдіреді. Бидай масақтарымен жиектеу өлкенің астық молшылығын сипаттайды.

Климаты Қала Қазақстанның орталық бөлігінің солтүстігінде Ақмола облысында, Есіл өзенінің алабындағы өзен маңы жазықтығында орналасқан. Климаты шұғыл континентті, оңтүстікке қарай шөлейттенеді. Қазақстанның осы бөлігінде жыл мезгілдерінің өз ерекшеліктері бар. Қар мол жауып, қысы ұзақ болады. Наурыздың аяғына таман көктем кеш шыққанмен, табиғат өсем түрге енеді, бұл кезде сарыгүл мен бәйбішешек гүл атады.

Астанада жүзден астам ұлттың өкілдері тұрады, байырғы тұрғындары — қазақтар. Оның 64,4%-ы еңбек жасындағы адамдар, 10,2%-ы зейнеткерлер.

Астана уақыты — Астана қаласы орналасқан 5-сағаттық белдеудегі жергілікті уақыт. Жер шары бойынша шартты түрде 24-ке бөлінген сағаттық белдеу батыстан шығысқа қарай Гринвич меридианынан басталады. ҚР аумағы арқылы 4 және 5 — сағаттық белдеу өтеді. Астана қаласының, сондай-ақ Алматы, Жамбыл, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарының уақыты дүниежүзілік уақыттан 6 сағ., Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау облыстарының уақыты дүниежүзілік уақыттан 5 сағат алда, ал кейінгі аталған облыстар уақыты Астана уақытынан 1 сағ. кейін жүреді.

Қазір қаланың аумағы 200 шаршы км., астам аумақты алып жатыр. 1998 жылы ЮНЕСКО-ның шешімімен Астана қаласына «Бейбітшілік қаласы» деген жоғары атақ беріліп, медальмен марапатталды. Қала аса шапшаң қарқынмен дамып келеді және оның келешегі зор.

Тарихы жағынан алып қарағанда, көптеген қалалар

өзендер қиып өтетін ежелгі керуен жолдарының бойында қоныс тепкен.

Бүгінде Астана орналасқан жердің ежелгі атауы Қараөткел деп, Орал мен Сібірді Кіндік және Орта Азиямен байланыстырған Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағында қоныс тепкен қазақ елді мекенінің атауымен аталған. Есіл өзенін кешіп өтетін ыңғайлы керуен жолындағы Қараөткелде 1830 жылы қазақ ауылдары өкілдерінің кеңесімен Ақмола әскери бекінісі салынған. 17–18 ғасырларда Ақмола облысының аумағына Ресей мен Украинаның орталық губернияларынан шаруалар көптеп қоныстандырыла бастады. Сол кездегі Ақмоланың жәрмеңкелеріне Қазақстанның Ресейдің, Орталық Азияның түпкір-түпкірінен саудагерлер ағылды.

2000 — Қазақстан үкіметі «Астана қаласын дамытудың бас жоспары туралы» қаулы қабылдады.

Елбасының қатысуымен елорданың Жаңа алаңы, К. Байсейітова атындағы Ұлттық опера және балет театры, бизнес-сервис орталығы ашылды.

Астана қаласының шекарасын өзгерту туралы" Елбасы Жарлығы шықты, оған сәйкес қала аумағының жалпы көлемі ұлғайды.

200 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап 2007 жылға дейінгі кезенді қамтитын «Астана — жаңа қала» арнайы экономикалық аймағы (АЭА) құрылды. 2003 — Әлемдік және дәстүрлі-ұлттық діндер көшбасшыларының халықаралық съезі болды.

2004 — ауқымы мен бұрын-соңды болмаған мерзімнің ішінде ірі әкімшілік мекемелерін сол жағалауға көшіруде орасан зор жобалар жүзеге асырылды.

Есілдің сол жағалауындағы жаңа әкімшілік орталық аумағында ҚР Президенті резиденциясы ғимаратының ресми ашылуы болды. Президент Н. Назарбаев «Ақ Орда» деп аталатынын жариялады. 2005 жылы Астана қаласы халықаралық өуежайының жаңа жолаушылар терминалы салтанатты ашылды.

Сол жағалауда ҚР Парламенті сенатының, ҚР Үкімет әкімшілік ғимараттарының, «Тұлпар» тұрғын үй кешенінің және мемлекеттік қызметкерлерге арналған үйлердің, цирк ғимаратының құрылысы аяқталды, дипломатиялық қалашықты салу жалғасуда.

2005 жылғы 1 маусымға дейін сол жағалауда отыз тоғыз нысан ҚР Президентінің Резиденциясы, ҚР Парламенті Мәжілісінің, ҚР Сыртқы істер министрлігінің, «Астана-Бей-

терек» монументінің ғимараттары, «Аяулы алақан» композициясы, Жоғарғы Соттың, ҚР Қорғаныс министрлігінің, ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің әкімшілік ғимараттары, Ислам мәдени орталығы, «Думан» офын-сауық орталығының 1-ші және 2-ші кезегі, Ұлттық кітапхана, 1200 орындық мектеп, «ҚазМұнай-Газ» компаниясының екі нысаны, кардиология орталығы,

трі 22 метрлік, салмағы 300 тонналық күн сәулесімен құбылып тұратын әйнектен жасалған шар 97 метрлік биіктікке көтерілді-бұл Қазақстанның жаңа елордасының 1997 жылдан бастап пайда болғанын еске салады.

"Бәйтеректің негізгі идеясы — ол Бейбітшілік Ағашы. Мұндай ағаштың басты қызметі әлемнің үш деңгейлі құрылымын біріктіру: төменгі



муниципалдық үйлер кешені, бір ауысымда 120–150 адамды қабылдайтын емхана, сулы-жасыл бульвар, «Отель-Президент» мейманхана және белгілі суретші Ерболат Төлепбайдың шағын галереясы орналасқан.

Астананың көрнекті орындары «Астана -Бәйтерек» монументі Елорданың басты көрнекті орындарының бірі — сол жағалаудағы алғашқы сәулетті құрылыс — «Бәйтерек» монументі.

Осынау бірегей нәзік кешен Астананың символдық бейнесіне айналды. Монумент негізіне шетсіз-шексіз мұхит шайып жатқан Көктөбе тауында өсетін, ертегідегі ағаш туралы аңыз алынды. Жыл сайын оның жапырақтарына қасиетті құс — Самұрық алтын жұмыртқа салады. Алайда, жыл сайын оны айдаһар жеп қояды, бұл Күн мен Түннің, Жаз бен Қыстың, Жақсылық пен Жамандықтың алмасуын бейнелейді. Евразиялық кеңістіктің нағыз кіндігінде, өркениеттер тоғысында өмір ағашы — Бәйтерек терең тамырларымен жерді ұстап тұр, ал оның бұтақтары аспанмен таласады.

Ғасырлар бойы ауыздан ауызға тараған ежелгі аңыз қайтадан жаңғырды. Есіл өзенінің сол жақ жағасында жапырақ жайған «Астана-Бәйтерек» заңғар көкке құлаш ұрды. Биіктігі 105 метрлік, салмағы 1000 тоннадан асатын металл құрастырмалар 500 тіреу-қадаларға бекітілген. Әлемде тұңғыш рет диаме-

лалардың бейнесін көз алдына сәулет үлгілері осы орталықтың өзіндік ансамблін құрайды.

Этно-мемориалдық кешен алаңды алып жатыр. Картада 14 облыс пен Астана және Алматы қалалары орналасқан. Этно-кешен қызметінің баға жетпес тәжірибесі келешек ұрпақты рухани және патриоттық сезімге тәрбиелеу ісінің жаңа беттерін жазары сөзсіз. Бейбітшілік пен келісім сарайы атақты британдық сәулетші Норман Фостер жобалады. Сарай ғимараты елорданың жаңа әкімшілік орталығының

орталық бөлігінде президенттік сарайға апаратын жолдың кіндігінде орналасқан. Төменгі бірнеше деңгейін 1500 орындық опера театры алып жатыр. 25 қабатты ғимараттың биіктігі —, оның іргетасының аумағы да осындай. Ғимараттың ішінде жиналыстар мен конференциялар өткізетін бөлмелер, үш қабатты мұражай, көрме және концерт залдары, кітапхана, діни конференциялардың кеңселері орналасқан. Пирамиданың ұшар басында ертүрлі діндер мен конфессиялар көшбасшылары жиналыстарын өткізетін 200 орындық дөңгелек зал орын тепкен.

«Барыстар» Қаланың кіреберісіндегі биік тұғырға орнатылған барыстар қала қақпасын айқара ашумен бірге оған беттеген дұшпандармен айқасуға әзір болып, тыныштығын күзетіп тұрғандай.

Өзен жағасын шолып тұрған «Барыстарды» жасау идеясын шығыстың экзотикалық раритеттеріне европалық түсінікті еске салады. Авторы — Т. Досмағамбетов.

2008 жыл еліміздің елордасы Астана 10 жылдық мерейтойын салтанатты атап өтті. Қазақстанның елордасы Астана — қазіргі заманға лайық, нағыз жаңа қала болып өте қысқа мерзім ішінде тарихымызда бұрын соңды болмаған қарқынмен қарыштап дамып, өзіне ғана тән бет — бейнесімен қалыптасып келеді.

Мәліметтер tarh.spring.kz сайтынан алынған



МӘСЛИХАТ — ЖАУАПКЕРШІЛІГІ МОЛ ӨКІЛЕТТІ ОРГАН АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА ІШІДЕДЕН БАСТАП

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫНА СӘЙКЕС ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛҚЫНЫҢ ЕРКІН БІЛДІРЕТІН ЖӘНЕ ЖАЛПЫ МЕМЛЕКЕТТІК МҮДДЕЛЕРДІ ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, ОНЫ ІСКЕ АСЫРУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ШАРАЛАРДЫ АЙҚЫНДАЙТЫН, ОЛАРДЫҢ ОРЫНДАЛУЫН БАҚЫЛАЙТЫН ӨКІЛДІ ОРГАН.

2023 жылдың 19 наурызында өткен кезектен тыс сайлаудан кейін сегізінші шақырылған Ойыл аудандық мәслихатына 11 депутат сайланды. Оның 3-і әйел, депутаттардың жалпы санының 27,2 пайызын құрайды. 8-і ер азамат 72,8 пайызды құрайды. Депутаттардың 8-і (72,8 пайыз) алғаш рет аудандық мәслихаттың депутаты болып отыр. Аудандық мәслихаттың депутаттары түрлі сала мамандарынан құрылған. Депутаттардың жалпы санының ішінде бесеуі мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері, бесеуі кәсіпкерлік саласы және біреуі қоғамдық бірлестік өкілі.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңының 20-бабының 3 тармағының 7,8 тармақтарына және 4 тармағына сәйкес ағымдағы жылдың 19 қаңтарында аудандық мәслихаттың кезектен тыс оныншы сессиясында №8 және №11 бір мандатты сайлау округтері бойынша Ойыл аудандық мәслихат депутаттарының депутаттық өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылданды.

2024 жылғы 31 наурызда шығып қалғандардың орнына Ойыл аудандық мәслихатының бір мандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын депутаттарының сайлауы болып өтіп, №8 және №11 бір мандатты сайлау округтері бойынша Ойыл аудандық мәслихат депутаттары қайта сайланды.

Мәслихат өз құзыреті шегінде ауданның даму жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын бекітеді, аудан бюджетін бекітеді және оның орындалуын бақылайды, жер қатынастарын, әкімшілік-аумақтық орналастыру мәселелерін реттеуді жүзеге асырады, азаматтармен ұйымдардың Қазақстан Республикасы Конституциясының, Заңдарының нормаларын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерін орындауын жәрдемдеседі.

Сессиялардың қарауына енгізілетін мәселелерді алдын ала қарау, мәслихат шешімдерін іске асыруға жәрдемдесу және бақылау функцияларын жүзеге асыру үшін аудандық мәслихатта 2 тұрақты комиссия құрылған:

- әлеуметтік-экономикалық даму, бюджет, халықты әлеуметтік қорғау және аграрлық сала мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия;
- білім, мәдениет, денсаулық сақтау, құқық тәртібі және жастар саясаты жөніндегі тұрақты комиссия.

Тұрақты комиссиялар мәслихат шешімдерінің, қабылданған бағдарламалардың және мемлекеттік билік пен басқару органдарының басқа да актілерінің орындалуын бақылауды жүзеге асырады. Сонымен қатар, комиссия төрағалары оларды сайлаған мәслихат алдында жауапты және жылына кемінде бір рет өз қызметтері туралы есеп береді.

Депутаттар тұрғылықты жері

бойынша халықпен жұмыс істеуге ерекше назар аударады. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес мәслихат депутаттары сайлаушылармен тұрақты байланыста болуға, оларды мәслихаттың жұмысы, оның тұрақты комиссияларының қызметі, мәслихат шешімдерінің орындалуы туралы үнемі хабардар етіп отыруға міндетті. Депутаттар мәслихатта партиялардың өкілдері ретінде азаматтарды қабылдауды және сайлау тәртібі және жеке қабылдауларды жүргізеді.

Мәслихат сессияларын, оның органдарының отырыстарын өткізу, олардың қарауына мәселелерді енгізу және қарау, мәслихат органдарын құру және сайлау тәртібі және басқа да ұйымдастырушылық және рәсімдік мәселелер сессияда бекітілетін мәслихат регламентінде айқындалады.

Аудандық мәслихат депутаттарымен тұрақты түрде қоғамдық қабылдаулар өткізіліп отырады. Бекітілген кестелерге сәйкес депутаттар қоғамдық қабылдауларында 148 сайлаушы өз өтініштерін жеткізді. Өтініштердің 122-і (82,4%) заңнамаға сәйкес түсініктемелері беріліп қанағаттандырылса, 26-і (17,6%) қосымша бақылауға алынды. Қабылдауда көбіне сайлаушылардан тұрғын үй салу мәселесі, аудандық маңызы бар жол мәселелері, жұмыспен қамту, жарықтандыру мәселелері көтеріліп отыр.

Сонымен қатар, аудандық мәслихаттың депутаттары қабырымдылық шараларынан да тыс қалмай, түрлі акциялар

және әртүрлі қайырымдылық акцияларына, әлеуметтік жобаларды және аудан тұрғындарының мәселелерін шешуге белсенді қатысып келеді. Жыл басынан бері су тасқынынан зардап шеккен тұрғындарға 2 млн. 300 мың теңге көлемінде қаржылай қайырымдылық көмек көрсетілді.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабының 1 тармағындағы 6-тармақшасын басшылыққа ала отырып, аудандық мәслихат тарапынан жергілікті атқарушы органға Ақтөбе облыстық мәслихатының шешімдері мен қағидалары және Ойыл аудандық мәслихат шешімдерінің аудан бойынша ауылдық округтерде орындалуына бақылау жүргізу қорытындысының нәтижесі бойынша 2 ұсыныс жолданып, тиісті шаралар қабылдау үшін ұсынылды.

Депутаттар үшін ең басты міндет – өздеріне жүктелген аманатқа адалдық таныту. Депутаттар ауыл тұрғындарының мұң-мұқтажын қорғап, олардың қалауы мен ықтиярын білдіреді, берген аманаттарын орындайды. Және де депутаттар кез келген уақытта өз сайлаушыларының жазбаша және ауызша өтініштері мен талап-тілектерін ескеруісін қалдырмай, оны тиісті мекемелерге уақытылы жолдап, дұрыс шешілуіне бақылау жасауда өз жауапкершіліктерімен атқарып келеді.

А. МУСИН,
Аудандық мәслихат аппаратының бөлім басшысы.

Жаңа іріктеу жүйесіне өңірдің жергілікті атқарушы және өкілді органдары, тексеру комиссиясы, сондай-ақ бірнеше орталық атқарушы органдардың аумақтық департаменттері қосылатын болады.

Мемлекеттік қызметке түскісі келетін үміткерлер ең алдымен egovmet.gov.kz интернет-порталында жеке сәйкестендіру нөмірін және ЭЦҚ енгізу арқылы тіркеледі.

Конкурсның рәсімнің жаңа форматы үміткерлерге алдын ала белгіленген уақытта өтетін әңгімелесуден басқа барлық кезеңдерде, кез келген уақытта және әлемнің кез келген нүктесінен конкурсқа қатысуға мүмкіндік береді.

ҚР ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНІҢ АЗАМАТТЫҚ ПЕРСОНАЛЫ EGOV MOBILE ҚОСЫМШАСЫ АРҚЫЛЫ ТҮРҒЫН ҮЙГЕ КЕЗЕККЕ ТҮРА АЛАДЫ

ЖАҢА КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТТІК ТҮРҒЫН ҮЙГЕ МҰҚТАЖ АЗАМАТТЫҚ ПЕРСОНАЛЫ ҮШІН EGOV MOBILE МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫНДА ҚОЛЖЕТІМДІ.

Енді қызметтік тұрғын үйге кезекке тұру тек электрондық үкімет порталы арқылы ғана емес, сонымен қатар смартфондардан да мүмкін.

Қызметтік тұрғын үйге кезекке қою рәсімі бұрын қағаз жеткізгіштердегі жұмыс орны бойынша құжаттарды жинау мен тапсыруды қарастырған. Енді құжаттың электрондық көшірмелері және смартфоннан интернетке қосылу қызметтік тұрғынжайға өтініш беру үшін, бұл пайдаланушылардың уақытын едәуір үнемдейді.

Көрсетілетін қызметті алу үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:

- қосымшаға кіріп, «Көрсетілетін қызметтер» қосымша бетіне өтіңіз;
- «Әскери есеп» бөлімін таңдаңыз;
- көрсетілетін қызметтер тізбесінен «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері азаматтық персоналының (бюджеттік ұйымдар жұмыскерлерінің) қызметтік тұрғынжайға мұқтаж тұлғаларын есепке қоюды» таңдаңыз;
- барлық қажетті алаңдарды толтырып, файлдарды жүктеп алыңыз;
- дербес деректерді өңдеуге келісім беріңіз, «Қол қоюға өту» батырмасын басыңыз. Қол қою жылдам қол жеткізу кодын немесе биометрияны енгізу арқылы жасалады.
- Естеріңізге сала кетейік, кезекке қою көрсетілетін қызметі әскери құрылымдардың қызметін қолдау мен қамтамасыз етуде жұмыс жасайтын, бірақ әскери қызметшілер болып табылмайтын азаматтық мамандар мен қызметкерлерді қоса алғанда ҚР Қарулы Күштерінің азаматтық персоналына арналған.

«ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы

EGO.V.KZ ЕМХАНАҒА ТІРКЕЛУ ҚЫЗМЕТІН ЖАНАРТТЫ

ЕНДІ ЕМХАНАҒА ТІРКЕЛУ ҚЫЗМЕТІ ТЕК ҚР АЗАМАТТАРЫ ҮШІН ҒАНА ЕМЕС, СОНЫМЕН ҚАТАР ҚАНДАСТАР МЕН БЕЙРЕЗИДЕНТТЕР ҮШІН ДЕ ҚОЛЖЕТІМДІ. ЕНДІ МЕДИЦИНАЛЫҚ МЕКЕМЕГЕ ТІРКЕЛУ БАРЫСЫНДА ПАЙДАЛАНУШЫЛАР ДӘРІГЕРДІ ТАҢДАЙ АЛАДЫ, СОНЫМЕН ҚАТАР МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ УАЧАСКЕСІНІҢ НӨМІРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ КӨРЕ АЛАДЫ.

Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін медициналық ұйымға тіркелу қызметі eGov.kz.-те ең танымал қызметтердің бірі болып қала береді.

2024 жылдың 6 айында ғана порталға емханаларға тіркелу бойынша 1,2 млн-нан астам өтінім берілді. Қызметті тек тұрғылықты жері өзгерген жағдайда ғана емес, сонымен қатар медициналық ұйымды жылына бір реттен жиі емес (15 қыркүйектен 15 қарашаға дейінгі кезеңде) ауыстыруға болады.

ҚЫЗМЕТ ҮШ ҚАДАММЕН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ:

- eGov.kz порталына кіріңіз және «Денсаулық сақтау» бөліміне өтіңіз;
- қызметтер тізімінен «Емханаға тіркелу» тармағын таңдаңыз және барлық қажетті жолдарды толтырыңыз;
- ЭЦҚ көмегімен қызметке қол қойыңыз;
- Өтініміңізді өңделуіне қарай Жеке кабинетте көрсетілген уақыт ішінде келіп түсетін сіздің қызметтің нәтижесімен танысу. Қызметтің жаңа функционалы ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік қызметтер комитеті, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі мен «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ бірлескен жұмысының арқасында іске қосылды.

«ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҮЛКЕН МОДЕЛІН ЖАСАУ ҮШІН ДЕРЕКТЕР



Қазақ тілінің үлкен моделін құру және іске қосу мақсатында «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ («ҰАТ» АҚ) машиналық оқыту саласындағы көшбасшы – Hugging Face сервісін пайдалануға кіріседі. Платформа базасында ашық деректердің жиналуы ұйымдастырылып, оған Қазақстанның кәсіби IT-қауымдастығы мен ашық деректерді ұстаушылары қосыла алады.

Hugging Face дегеніміз не?

Hugging Face – бұл машиналық оқыту саласындағы зерттеулермен бөлісуге арналған жетекші платформа, оның базасында пайдаланушылар құралдарды әзірлеп, ЖИ модельдерін жасай алады. Платформа пайдаланушылары ашық көздермен өзара іс-қимыл жасайды, бұл жасанды интеллектті қолжетімді етеді және білім мен прогресс алмасу мәдениетін ынталандырады. Компаниялар өз жұмысында пайдаланатын ЖИ модельдерін Hugging Face бөлісуге көмектеседі. Қолда-

МОДЕЛІН –«KAZ LLM» ЖИНАУ ЖАРИАЛАНАДЫ

нушы компаниялар арасында Google, Microsoft Corp., Amazon, Meta Platforms Inc және басқалар да бар. 2023 жылы платформаға 1,2 миллионнан астам пайдаланушы тіркелді. 2024 жылдың қаңтар айының өзінде сайтқа 30 миллион шамасында пайдаланушы кірді. Сервистің ең белсенді пайдаланушыларының қатарында АҚШ, Қытай, Жапония және Үндістан тұрғындары бар.

Бұл не үшін қажет?

Қазақ тілінің заманауи тілдік моделін құру – Қазақстанның цифрлық тәуелсіздігін нығайтуға және жаһандық цифрлық кеңістікте ұлттық мәдениетті ілгерілетуге жасалған маңызды қадам. Кез-келген тіл моделін құру деректерді жинау кезеңнен басталады. Жалпы деректерді жинау нәтижесінде қазақ тілін өңдеудің жоғары сапалы моделі (NLP) құрылады. Болашақта бұл автоматты аударманы жақсартуға ғана емес, жалпы қазақ тіліндегі мәтіндерді өңдеудің сапасы мен дәлдігін арттыруға көмектеседі.

Деректерді жинау «ҰАТ» АҚ арнайы құрылған аккаунтында жүзеге асырылады. Кәсіби IT-қауымдастығының өкілдері мен ашық деректер иелері huggingface.co/nites платформасындағы аккаунтқа файлдарды жүктей алады. Қазақ тілінде txt, .csv, .json форматында түрлі стильдегі және жанрдағы мәтіндік файлдар жүктелуге жатады.

«ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы

БИЫЛ КҮЗДЕ ҚАЗАҚСТАНДА АЭС ҚҰРЫЛЫСЫ ТУРАЛЫ РЕФЕРЕНДУМ ӨТЕДІ

Биыл күзде Қазақстанда атом электр стансасын (АЭС) салу бойынша референдум өтеді. Бұл туралы президент Қасым-Жомарт Тоқаев мәлімдеді.

«Өздеріңіз жақсы білесіздер, экономиканы дамыту үшін тұрақты энергия көзі керек. Сондықтан мен атом электр стансасын салу мәселесін пысықтау туралы нақты тапсырма бердім. Қазір жаңа жақты талқылау болып жатыр. Әртүрлі пікір айтылуда. Бұл үдеріске бұқаралық ақпарат

құралдары да белсене атсалысуы керек», - деді Тоқаев БАҚ қызметкерлерін марапаттау рәсімінде.

Ол елде атом энергетикасын дамытуға зор мүмкіндіктер бар деп есептейді.

«Шын мәнінде, елімізде атом энергетикасын дамытуға зор мүмкіндік бар. Оны дұрыс, яғни тиімді пайдаланған жөн. Осы мәселеге қатысты соңғы шешімді халық қабылдайды. Референдум биыл күзде өтеді. Үкімет нақты датаны айқындайды», - деді Тоқаев.



Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.



Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.
Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1206 дана. Тапсырыс 839 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

ОҚУШЫЛАРҒА ЕСІРТКІСІЗ БОЛАШАҚТЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ТҮСІНДІРІЛДІ




Өткен аптада бүкіл әлем есірткі заттарын теріс пайдаланумен және олардың заңсыз айналымымен күресудің халықаралық күнін атап өтті.

Халықаралық күн 1987 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының өз қызметін күшейтуге және Насажорлықсыз әлемдік қоғам құруға деген шешімінің көрінісі

ретінде құрылды. Бұл күн қоғамның назарын насажорлықтың жаһандық проблемасына, оның салдары мен оны жеңуге бағытталған күш-жігерге аударуға арналған. Насажорлық және олардың заңсыз айналымы бүкіл әлем бойынша миллиондаған адамдардың денсаулығы мен әл-ауқатына үлкен жағымсыз әсер етеді. Осы аталмыш күнде мектеп жанынан құрылған "BalaLand"-балалар жазғы лагерінің демалушылары Ойыл аудандық музейіне барып «Шынайы, саф өмір» тақырыбында дәрігерлермен кездесу және көрме ұйымдастырылып, оқушылар жетекшілерімен бірге қатынасты.

КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ШАРТЫН ОНЛАЙН РЕЖИМІНДЕ ЖАСАУҒА БОЛАДЫ

ЕНДІ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ИЕЛЕРІНЕ КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІ АЛУ МАҚСАТЫНДА ШАРТ ЖАСАУ ҮШІН КОММУНАЛДЫҚ МЕКЕМЕЛЕРГЕ БАРУДЫҢ ҚАЖЕТІ ЖОҚ. ОЛАРҒА ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКТІ ТІРКЕУ КЕЗІНДЕ ШАРТТЫ АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ ЖАСАУ ТУРАЛЫ SMS-ХАБАРЛАМА КЕЛЕТІН БОЛАДЫ.



Коммуналдық қызмет көрсету шартын онлайн режимінде жасауға болады

Заклучить договор с коммунальными службами можно онлайн

Пилоттық жоба Алматы, Ақтөбе, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау және Түркістан облыстарында, сондай-ақ Жетісу облысында іске асырылды. Айта кетейік, бұған дейін бұл қызмет Астана мен Алматыда жүзеге асырылған болатын. Бұл қалаларда сервис енгізілгеннен күннен бастап жүз мыңнан астам онлайн шарттар жасалды. «Мемлекеттік корпорация өзгерістер драйвері ретінде Invisible Government жолында

технологиялық және клиентке бағдарланған сервистерді қалыптастыруда. «Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры» ақпараттық жүйесінің әкімдіктің жүйелерімен интеграциялануының арқасында мүліктің жаңа иелеріне коммуналдық қызметтерді ұсынушылармен автоматты түрде шарт жасау мүмкіндігі пайда болды», - деді Мемлекеттік корпорацияның Басқарма Төрағасы Арман Кенжеғалиев. Айта кетейік, жылжымайтын мүлікті сатып алған сәтте қа-

зақстандықтарға шарт жасасу туралы ұсыныс келіп түседі. Меншік иесі келіскен жағдайда деректер коммуналдық қызметтерге жіберіледі және тұрғын үй иесінің қатысуынсыз автоматты түрде шарт жасалады. Өтінім қаралғаннан кейін мүлік иесіне SMS-хабарлама келіп түсіп, дайын құжатқа сілтеме беріледі. Жақын арада Мемлекеттік корпорация жоба ауқымын кеңейтуді және оны бүкіл республика бойынша іске асыруды жоспарлап отырғанын айта кеткіміз келеді.

Автомобильді тұтынушылардың өз іздестіруін қорғауға белсенділігі артқан



Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында Облыстық сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті басшысының міндетін атқарушы Бағжан Тілегенов ведомствоның жарты жылдық жұмысын қорытындылады. Аталған мәліметтерге сүйенсек, осы жылдың қаңтар-маусым айларында құқытары бұ-

зылған тұтынушылардан 656 өтініш келіп түсті. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 11%-ға көп. Департамент қараған өтініштердің басым бөлігі бөлшек сауда, электронды сауда, тұрмыстық қызметтер және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы салаларына қатысты. Түскен өтініштердің 93

%-ы шешімін тауып, 4%-ы кері қайтарылды, қалған 3%-ы шілде айының қарауына өтті. Оң шешімін тапқан өтініштердің негізінде тұтынушылардың 91 млн теңге қаражаты қайтарылды. Департамент сауда қызметі және тұтынушы құқығының бұзушылықтарына қатысты 128 кәсіпкерлік субъектіге әкімшілік шара қабылдады.

ЕСБОЛАТ ӘДІЛХАНОВ – «ЕРЛІГІ ҮШІН» МЕДАЛЫНЫҢ ИЕГЕРІ



ҚР ІІМ полиция генерал-лейтенанты Саденов Ержан Сапарбекулы, Ойыл ауданы ПБ ЖПҚ бөлімшесі учаскелік полиция инспекторлары тобының учаскелік полиция инспекторы полиция капи-

таны Әділханов Есболат Ерланұлын «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Оқиға 28 наурызға қараған түні орын алды. Ойыл ауылының тұрғыны түнгі мезгілде жұбайымен және кәмелетке

толмаған 8 баламен бірге автотөлікпен ауылдан Ақтөбе қаласына қарай шыққан. Алайда, ауылдан алыстағаннан кейін көлік көзді ашып-жұмғанша қарқыны қатты сенді су тасқынының ортасында қоршауда қалған. Суға батқан көлікте бала-шағасымен қалған ол, жақын жердегі Кемер ауылының тұрғындарына қоңырау соғып көмек сұраған. Көмекке ауыл азаматтарымен бірге алғашқылардың бірі болып, Саралжын ауылдық округінің учаскелік полиция инспекторы жетіп, дереу құтқару жұмыстарына кіріскен. Қиын жағдайда қалған отбасы туралы хабарламаны алған соң, көмекке жылдам жеткендер бірнеше техниканы жұмылдырып, сеннің жолын бөгеп, бір сағатқа жуық уақыт ішінде балалар мен ата-анасын су ортасынан аман-сау алып шығып, қауіпсіз жерге жеткізген.

АУДАН ЖАСТАРЫ СЕЗІМНІҢ СЫРЛЫ ӘУЕНДЕРІН ШЕРТТІ



Жуырда орталық саябақта «Сезімнің сырлы әуені» атауымен аудан жастарының концерті өтті. Жаңашыл жастардың бірлесіп ұйымдастырған концерті көрерменнің көңілі-

нен шығып, аталмыш кеште сегіз қырлы бір сырлы, ауданның жалындаған жастарының өнеріне толы болды. Өнерпаздар жиналған халыққа әуезді әсем әндерін,

күмбірлі күйін, мың бұралған бишілер билерін тарту етті. Тамашалауға келген әр көрермен қосыла ән шырқап, соңында өнерпаздарға өз ризашылықтарын білдірді.

АЛМАС САЛЫҚБАЕВ СУ ТАСҚЫНЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕН КӘСІПКЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ



Облыстық кәсіпкерлік басқармасының басшысы Алмас Салықбаев су тасқыны салдарынан зардап шеккен кәсіпкерлердің шығынын есептеу бойынша бағалаушы компаниялардың өкілдерімен Ойыл ауданына іссапармен барды. Іссапар барысында Ойыл ауданы бойынша зардап шеккен 16 кәсіпкерлік субъектісіне техникалық тексеру және бағалау жұмыстары жүргізілді. Жалпы облыста 79 шағын және орта бизнес субъектісі зардап шекті. Су тасқыны салдарынан зардап шеккен кәсіпкерлер шығынын өтеу бойынша өңірлік комиссия жұмысы жалғасуда.

ЕЛОРДА КҮНІНЕ ТАРТУ

Өткен жексенбі күні Астана күніне орай Ойыл ауданының 35 жастан жоғары азаматтары арасында шағын футболдан аудандық турнир ұйымдастырылды. Аудандық турнирге 9 команда қатысып, теңбіл допты қарсыластың қақпасына кіргізуге асыққан командалар тарты-

сты ойын көрсетті. Жарыс қорытындысы бойынша ІІІ орын «Көкжар» командасына бұйырса, ІІ орын «Ойыл» командасының еншісіне тиді. І орынды «Ойыл-1988» командасы жеңіп алды. Спорттық додада Ойыл командасынан Асылан Өгізбаев «Үздік шабуылшы» атанса, Ойыл-1988

командасынан Жандос Құлжанов «Үздік қорғаушы» деп танылды. Көкжарлық Алтынбек Дошаев «Үздік қақпашы» атанды. Астана күніне арналған шағын футболдан аудандық турнирде топ жарған командаларға естелік сыйлықтар мен арнайы медальдар, грамоталар табысталды.

